

## ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Шаймерден Гүлбақыт Тәңірбергенқызы

[gulbakyt2704@mail.ru](mailto:gulbakyt2704@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Қазақ тіл білімі» кафедрасының магистранты  
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі – М.К. Ахметова

Уақыт категориясы ежелден-ақ ғалымдар мен ойшылдардың, философтар мен ақын жазушылардың еңбектерінде айтылып, жазылуда. Бұл категория ғылымның барлық салаларында зерттелуде. Ең алғаш рет уақыттың семиотикалық мәні туралы әулие Августин еңбектерінде кездестіруге болады: ол уақытты мәңгіліктің шамасы немесе белгісі ретінде қарастырып, оны «қозғалмайтын жарқырап тұратын мәңгілік сәулеге» теңеді [1, 218]. Ал Аристотель уақытты қозғалыс немесе қозғалысқа қатысты бір нәрсе деп таныды [2, 219]. Ғалымдар уақыт ұғымына ортақ анықтама берген жоқ, алайда қай теорияны қарасаң да, уақытқа тән бірнеше ерекшеліктерді айқындауға болады. Олар: уақыттың бір бағыттылығы, ақпараттың өткеннен болашаққа қарай көшетіні, уақытты ешкімнің тоқтата алмайтындығы және кері қайтара алмайтындығы. Ал психологияда уақыт адамның субъективті сезіміне немесе бақылаушының сол кездегі көңіл-күйіне байланысты болады деп анықталған. Біреуге уақыт тез өтіп жатқандай болса, ал біреуге тым жай өтіп жатқандай көрінуі мүмкін. Физикада «уақыт – белгілі бір аралықтағы қозғалыспен байланысты, қозғалыс жоқ жерде уақыт та жоқ». Философиялық сөздікте: «Уақыт шындық па әлде санада өмір сүретін таза абстракт па деген» мәселе қозғалады [3,438]. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл ұғымға: «Материяның үздіксіз дамуы мен өмір сүруінің объективті бір формасы; Мезгіл, мерзім, сәт» - деп түсініктеме беріледі [4, 850]. Ғалым Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінің III томында қазақ танымындағы уақытты төрт түрлі межеге бөліп қарастырады. Олар: экологиялық уақыт (*қыс, көктем, жаз, күз, таң атты, түске таман*), генеологиялық уақыт, ситуациялық уақыт (*жылқы күздерде, қан сонарға шығарда, қас қағымда, аузымды ашқанша, шай қайнатым, бие сауым, Үркер көтеріле, Шолпан жұлдызы туа*), тарихи уақыт (*күн, түн, тәулік, апта, ай, тоқсан, жыл, мүшел, гасыр, заман, дәуір*) [5, 163].

Физикалық, табиғи уақыт секілді, лингвистикалық уақыт мәні зерттеушілерді ежелден қызықтырған. Ерте кездерде халық уақытты дәл айтпағанымен оларды белгілі бір іс-әрекетпен байланыстырып атаған. Яғни, қазақ танымында уақыт белгілі бір заттардың қозғалысы не олардың сипаты арқылы өлшенген. Мысалы: *сүт пісірім уақыт, қозы ағытар кез, бие байлар кез, бие сауым уақыт, күн найза бойы көтерілгенде, т.б.* Сонымен қатар, қазақ танымында уақыттың тез, жылдам өте шығатыны мақал-мәтелдерде көрініс тапқан: *Жыл деген ат басын бұрғанша, Ай деген аунап тұрғанша; Көңілі ояудың көзі ілінбейді, Уақыттың өткені білінбейді; Уақыт - көшкен керуен, т.б.*

Қазақ танымындағы уақыт концептісін ертегілерден де Алайда ертегідегі уақыт сипаты көркем әдебиетке қарағанда өзгеше болады. Ғалымдар көрсеткен уақыттың бір бағыттылық, кері қайтымсыздық қасиеттері ертегіде сақталмайды. Оны біз ертегідегі уақыт ұғымын тілдік тұрғыдан талдаған кезде анықтай аламыз. Уақытты лингвистикалық тұрғыда зерттеп, зерделеу үшін А.Ә. Жаңабекрованың «Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы» атты докторлық диссертациясына және «Қазақ тіліндегі

функционалды-семантикалық темпоральдылық категориясы» атты еңбегіне сүйенеміз. Ғалым: «Тілдік уақыт – объективті, шынайы уақыттың бейнесі болғандықтан, іс-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатысын білдіретін санадағы уақыт болып табылады. Тілдік уақыт лексикалық, грамматикалық, функционалды-семантикалық уақыт тұрғысынан қарастырылады», - деп тілдік уақытқа анықтама береді [6, 11]. Ғалым уақыттың лексика-семантикалық және грамматикалық парадигмаларын жасайды. Ол уақыт семантикасының тілдік көрінісіне талдау жасайды және оны әртүрлі атаулардың мағыналық құрамында қарастырады. Ол адам, мал, тамақ, шақ, салт-дәстүр, өсімдік секілді атаулардың мағыналық құрылымын көрсетеді. Мысалы, малдың жас мөлшеріне қатысты (құлын, құнан қой, тай, алты кез ат), тағамның дайындалу ұзақтығына, сақталу мерзіміне байланысты (бір қыстық азық, соғым, сүт пісірім, ет асым), салт-дәстүрлеге байланысты (ас беру, жоқтау) атаулардан уақыт семасын көреміз. Сондай-ақ, темпоральдық категорияға да тоқталады. Ғалым темпоральдық категорияны қимылдың белгілі бір уақыт шеңберінде өту сипатын, яғни, қимылдың басталуын, қысқа жасалуын, тиянақтылығын, нақтылығын, созылыңқылығын, аяқталған, аяқталмағандығын танытатын категория ретінде қарастырады. Темпоральдық категорияны ертегіден де анықтай аламыз. Ертегіде уақыт созылыңқы, тиянақты, аяқталған, аяқталмаған болып келуі мүмкін, алайда ертегіде берілген уақыттың өзгеше болып келетініне де назар аудару қажет.

Барлық қиял-ғажайып ертегілер адамның қиялының, арман-тілегінің нәтижесінде туындайтыны белгілі. Сол себепті, көптеген ертегілердің даму динамикасы бас кейіпкердің мақсатқа ұмтылуына, сол жолда көптеген қиындықтарды қандай да бір ғажайып құралдың көмегімен жеңіп шығуына негізделеді. Сондықтан да біз сюжеттің шындықпен ешқашан байланыста болмайтынын білеміз. Ертегідегі уақыт пен кеңістік, сол ертегінің шеңберінде ғана болады. Уақыт пен кеңістіктің қай жерден бастау алып, қай жерде аяқталғанын анықтау мүмкін емес. Ертегілер белгісіз бір уақытта, белгісіз бір жерде басталады. Мысалы: «**Ертеде бір бай болған екен, төрт түлігі сай болған екен, бір перзентке зар болған екен...**» (Әлібек батыр), «**Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты, мал-мүлкі көп болыпты, сөйтсе де өзінен туған не ұлы, не қызы болмапты...**» (Жарты төстік), «**Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты...**» (Керқұла атты Кендебай), «**Бұрынғы уақытта бір Шора батыр деген бопты дейді...**» (Жезтырнақ), «**Баяғыда бір Құламерген деген батыр, өзі аңшы жігіт болыпты...**» (Құламерген), «**Бұрынғыда Жалғыз батыр деген жігіт болыпты...**» (Жалғыз жігіт ұрпақтары), «**Сонау ерте заманда, жал құйрығы келте заманда ерлі-зайыпты екі адам өтіпті...**» (Делдаш батыр), «**Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты...**» (Ер Төстік), «**Сонау бір атам заманда, Тобықбай деген бір мерген болыпты...**» (Нанбатыр). Бұл құрылымдардан біз уақыттың шарттылықпен беріліп тұрғанын байқаймыз. Алайда уақыттың барлығы өткен шақты меңзеп тұр. Біз оны өткен шақта тұрған етістік формасынан (*болған екен, болыпты, өтіпті, бопты дейді*) және өткен шақтың мағынасын беретін арнайы сөздерден (*ертеде, бұрынғы өткен заманда, баяғыда, сонау бір атам заманда*) байқай аламыз [7].

Қиял-ғажайып ертегіде уақыт жақсылықпен, тоймен, батырдың жеңіске жетуімен, ұзақ әрі тату өмір сүруімен, мақсат-мұратына жетуімен аяқталады. Ғажайып ертегідегі уақыт сонымен тоқтайды. Біз одан әрі не болғанын айта алмаймыз. Мысалы: «**Бәрі де баяғы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасарады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді**» (Ер Төстік), «**Ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той істейді**» (Керқұла атты Кендебай), «**Сол елге Қараүйрек әділетті патша болыпты.. Сөйтіп, мақсат-мұраттарына жетіпті**» (Қараүйрек), «**Бұрын басынан өткен кедейлігі ұмытылып, Ақжан батыр барша мақсатына жеткен екен дейді**» (Ақжан батыр), «**Шора батыр қайта елін жинап, жұртын жинап, қызының күйеуінің әке-шешесін шақырып, қайта той жасап, бақытты өмір сүріпті**» (Жезтырнақ), «**Бұлар бейбіт, рақатты тұрмыс**

**кешіріпті.** Халық Делдашты ел үшін туған ер деп **атапты**» (Делдаш батыр), «Керемет құрмет қылып түсіріп, **той қылыпты.** Жігіт мұратына жетіпті (Хан қызын алған жарлы), «Хан ат шаптырып, той қылып... Сөйтіп, екеуі екі жерге хан **болыпты,** мұратына **жетіпті** (Алтын ат). Қалпына келеді, жасарады, жетеді, қуанады, істейді етістіктері ауыспалы келер шақ формасында тұрғанымен өткен уақытты баяндап тұр [7].

Қиял-ғажайып ертегілерді талдау барысында мынадай ерекшеліктерді байқауға болады:

1. Табиғаттағы күн айналымы, яғни циклдік уақыт сақталған. Мысалы: «Ханның әмірі бойынша мен солардың табанын **таң атқанша** бір қарын маймен сылап шығамын», «Түн болып ел жататын мезгіл келіпті», «**Күндіз** қыз Делдаш сиыр бағатын тоғайға барыпты» (Делдаш ертегісі), «**Таңға жуық** болып, **шолпан туған шақта,** бір ақ шалмалы қожса жетіп келді», «**Кешке** көргенін әкесіне айтты» (Жарты төстік). «**Жаз** өтіп, **күз** таянғанда, жылқыларды бағу қиынға түседі» (Ақжан батыр), «**Қыс** келе жатыр, балаларыма шапан әперейін деп, қалаға барып, үш баласына шапан сатып алады» (Желден шыққан Желім батыр) [7]. Бұл үзінділерде **таң атқанша, күндіз, түн, таңға жуық, кешке, жаз, күз, қыс**деген сөздерде уақыт концептісінің лексикалық-семантикалық сипатта көрініс табады.

2. Шынайы уақыт пен ертегідегі көркем уақыттың сәйкес келмеуі а)Қаһарманның жасы, оның өсіп-жетілуі шынайы уақытқа бағынбайды. Мысалы: «Төстік өзгеше болып өседі: **бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жаңа өспірімдей** болып, **екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала** болады» (Ер Төстік), «Кендебай **ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алты күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты**» (Керқұла атты Кендебай), «Балалары **бір күнде бір жасап, екі күнде екі жасап ержете** бастайды» (Әлібек батыр), «Бір қанатты Қарагер дейтін атына мініп алып, **үш күн озып кеткен әскерлерді бір сағатта** қуып жетіпті (Алакөз батыр). «**Арада күн өтеді, ай өтеді бала алыптай жігіт** болып ер жетеді» (Нанбатыр), Бұл сөйлемдерден адам жасының, дамып жетілуінің уақытқа бағынбай тұрғанын байқауға болады [7].

ә) Кейіпкерлердің уақытқа бағынбауы, мифтік уақыт, олардың тез дамып, жетілуінен ғана емес, сонымен қатар, уақыттың кері қарай шегінуінен де аңғаруға болады. Мысалы: «**Бәрі де баяғы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасарады.** Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді» (Ер Төстік), «Баласы мен әйеліне қайғырып, жылай-жылай екі көзден айырылып, үйінде жатып қалған әкесі әйелінің, баласының келгеніне қатты қуаныпты. Көзі қайта ашылып, **өзі қайтадан жасаңғырап кетіпті**» (Делдаш батыр).

3. Ертегілерде уақыт созылыңқылығы анық байқалады және нақты уақыт берілмейді: «**Ертеден қаракешке бүйтіп, жар қуалап, торғай атқанша, теңтіреп жүрген сегіз ағаңды тауып алсаң болмай ма?**» (Ер төстік). «**Күндерде бір күн** Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті» (Кер құла атты Кендебай).«**Күн жүріпті, ай жүріпті, жылдар жүріпті, күндердің бірінде**жапанда өскен үлкен бір бәйтерекке кез болыпты», «**Мен неше айлар, жылдар бойы** соншалық азаптарды көріп бұл жылқыларды тауып әкелдім», «**Бір кезде бір қап көтеріп, бір күң үйге кіріпті**»(Делдаш батыр). «**Әлібек бір күндерде:** «Әйел алам», - деп әкесіне кісі салады» (Әлібек батыр). «**Айдан ай өтіп, жылдан жыл өтіп, бір күндерде үйіне келеді,** «Сол Еркемайдар кетеді іздеп, **бір замандар болғанда** әлгідегі қыздікіне келіп кетті», «**Бір күндерде** барып жетті, ағып жатқан сүттен торсығына құйып алып қапты» (Еркемайдар). «**Біраздан соң** шешесі баласын жанына шақырады (Байғұлан).«**Күн жүреді, түн жүреді,**«**Ай өтеді, жыл өтеді,** «**Күн өтеді, ай өтеді,** жалғыз көзді дәу есін жиып, күшіне ене бастайды», «**Жапанда жалғыз не қызық көріп жүрсіңдер, балаң болса ерте кетеді, түнде келеді**» (Жалғыз көзді дәу). Ертеден қара кешке, ерте кетеді, түн келеді; күн жүріпті, ай жүріпті, жыл жүріпті,

күн жүреді, түн жүреді, ай өтеді, жыл өтеді; неше айлар, жылдар бойы деген тіркестер уақыттың созылыңқылығын көрсетіп тұрса, күндердің бір күні, бір кезде, бір замандарда, біраздан соң тіркестері уақытты нақты көрсетпей тұр [7].

4. «Уақыт» концептісінің заттарды салыстыру арқылы да беріледі. Мысалы: «**Таудай отыннан бір жағым, үйдей еттен бір асым, жемді білектей судан қанжығадай қалған кезде келіпті**» (Делдаш батыр), «**Темір таяқ алып, темір етік киіп жаяу бала тілеп жүріп кетеді. Айлардан ай өткенде, жылдардан жыл өткенде, темір таяқтан тебендей қалғанда байдың алдынан бір жұлындай жерден түтін шығады**» (Тұмарбас батыр), «**Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді**» (Ер Төстік). Яғни, үлкен зат пен ең кіші заттарды салыстыру арқылы уақыттың ұзақ өткенін көз алдымызға сипаттап береді [7].

5. Ертегі өткен шақта баяндалғанымен, диалог кезінде келер шақ пен осы шақ қолданылады. Оны шақ категориясын жасайтын қосымшалар арқылы аңғаруға болады. Мысалы: «- **Сен болсаң тамам елді билеген ханның қызысың, мен де сені жақсы көріп-ақ жүрмін**», «**Сен естіп отыр, мен бастан кешкенімді айтып берейін**», «**Делдашым келе жатыр**» (Делдаш батыр); «**Сен бұл жерде неғып отырсың?**» (Жалғыз көзді дәу). «**Шойынқұлақ әлсіреп жатыр**» (Ер Төстік). Қалып етістіктері (отыр, тұр, жатыр, жүр) ертегідегі іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыт барысында, яғни нақ осы шақта тұр. Болашақты орындалатын іс-әрекетте диалог барысында келер шақта беріледі. Мысалы: «**Ертең көшемін, сонда баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сол сақаның жанында отырарсың**» (Алтын сақа), «**Бұл сандықты ашпа, бір өте қиын уақытта ғана ашарсың**» (Сиқырлы тас), «**Менің келу мәлшерімді осыдан байқарсың**» (Делдаш батыр). Бұл сөйлемдердер –ар болжалды келер шақтың жұнағы арқылы жасалып тұр [7].

Қорыта келгенде, уақыт – барлық ғылым салаларына ортақ категория. Алайда әр ғылым саласы оны жаңа бір қырынан зерттейді. Қазақ ертегілеріндегі уақытты тілдік тұрғыдан талдаған кезде бірнеше ерекшеліктерді анықтауға болады. Ол халық қиялындағы уақыттың шынайы уақыттан алшақ болуы, уақыттың созылыңқылығы, кері шегінуі, уақыттың өтуін не нақты бір мезгілді сипаттауда материалдық заттардың қолданылуы, т.б. Осы ерекшеліктер қазақ танымындағы «уақыт» концептісін танытуда өзіндік рөл атқарады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Августин А. Исповедь. – Симферополь, 1998. – 225 с.
2. Аристотель. Сочинения: в 4-х т. Т. 3. – М., 1976. - 227 с.
3. Философиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік, Т.3: Табиғат. – Алматы, 2013. – 608 б.
6. Жаңабекова А.Ә. Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы. – Алматы, 2010. – 54 б.
7. Қазақ ертегілері. – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.